

БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ «БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫН ӨТКІЗУ СЦЕНАРИЙІ

I бөлім Кіріспе	
Жарысқа қатысушыларды қарсы алып, спорт залға жинау. Қатысушылармен дайындық жүргізу.	
Музыка залы жарысқа сай безендіріледі	
Экранда «Бестемше» ұлттық ойыны тақырыбы көрсетіледі	
Музыкалық композиция «Бестемше»	
Фанфар үнімен жүргізушінің ортаға шығуы	
Жүргізуші	Армысыздар, құрметті қонақтар! Бүгін біздің балабақшамызда алғашқы рет тәрбиешілер арасында «Бестемше» ұлттық ойынынан жарыс өткізілмек.
	І қалалық «Бестемше» ұлттық ойыны жарысына қош келдіңіздер!
	Дүбірле бақшам, дүбірле, Жақсылық болсын үйінде. Қуаныш толып жүзінде Арнаулы жолдан сүрінбе. Жарыста нағыз мықтылар, Жеңіске жетер түбінде. Қалалық «Бестемше» ұлттық ойынын ашық деп жараиялаймын.
Жүргізуші	<i>Қазақстан Республикасының Әнұраны</i>
Жүргізуші	Бүгінгі шарамызға келген қонақтармен таныс болыңыздар: Астана қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығының әдіскері-Боранбаева Майра Сарсенхановна Тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының жастар арасындағы аға жаттықтырушысы, филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы -Шотаев Мақсат Есембекович . Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті дене шынықтыру және спорт кафедрасының доценті, жоғары дәрежедегі жаттықтырушысы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері- Құланова Құралай Қадырқызы Сөз кезегі Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы -Шотаев Мақсат Есембековичке беріледі .
Жүргізуші	Жеребені өткізу үшін Құралай Кадыровнаны ортаға шақырамыз.

	Құрметті қонақтар, «Бестемше» ұлттық ойыны жарысына арнайы жазылған «Бестемше» әнін қабыл алыңыздар. Ән авторлары осы №61 «Шолпан» балабақшасының әдіскері Галина Кульджанова және музыка жетекшісі Гулдана Смагулова Ән «Бестемше»-хор Қатысушыларды келесі залға жарыс орнына шақырамыз.
<u>II бөлім «Бестемше» ұлттық ойыны жарысының жүргізілуі</u>	
Жүргізуші	«Бестемше» ұлттық ойыны жарысын өткізу тізгіні Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мақсат Есембекович пен жоғары дәрежедегі жаттықтырушысы Құланова Құралай Қадырқызында. Сонымен қатысушылар ойын алаңында орналасып алсын Сәттілік серіктері болсын! (Ойын басталды)
Төрешілердің жарыс барысын ұйымдастыруы	
Үш айналымнан кейін психологиялық тренинг-	
Жарыстың аяқталуы	
Жүргізуші	Жиналған ылғи дарындар, Жүрегінде от, көзінде жалын бар. Жарыс десе жанатын, Жеңісті алғырлықпен алатын қатысушыларымыз ойынды аяқтады. Төрешілер жеңімпаздарды анықтағанша сіздердің назарларыңызға шағын концерттік бағдарламаны ұсынамыз. Сіздерді музыкалық залға шақырамыз. 1. Би: «Әсем гүлдер» орындайтын кіші топ 2. Ән «Балдәурен» орындайтын «Орбита» мектепалды тобы 3. «Қасықтар әуені» ансамбльде ойнайтын тәрбиешілер
Төрешілердің жарысты қорытындылау және марапаттардың дайындалуы	
<u>III бөлім Марапаттау рәсімі</u>	
<u>Фанфар үнімен Жүргізушінің ортаға шығуы</u>	
Жүргізуші: Қобалжу көңілмен күткен марапаттау рәсімін бастаймыз.	
Фанфар	
Жүргізуші	III дәрежелі дипломдармен марапаттауға ортаға Астана қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығының әдіскері Боранбаева Майра Сарсенхановнаны шақырамыз II дәрежелі дипломдармен марапаттауға ортаға Куланова Құралай Қадыровнаны шақырамыз

Жүргізуші	I дәрежелі дипломдармен марапаттауға ортаға Тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының жастар арасындағы аға жаттықтырушысы, филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Шотаев Мақсат Есембековичты шақырамыз.
Жүргізуші	Еліміздің еңсесі биік, туымыздың тұғыры берік болып, ұлттық құндылықтарымыз мәңгі жасасын! Ән «Атамекен»
Естелік фотоға түсу	





